



Инфляциялық күтулер

Наурыз 2024


- 2024 жылғы наурызда халықтың инфляцияны күтуі аздап төмендеді
- Тұтыну көңіл-күйі жақсарды, оған бір жылдан кейінгі жеке материалдық жағдайды бағалау, елдің даму перспективаларын бағалау көрсеткіштерінің жоғарылауы негіз болды.

Халықтың инфляцияны күтуі

2024 жылғы наурызда алдағы 12 айда күтілетін инфляцияны бағалаудың медианалық мәні¹ 14,2%-ға дейін төмендеді (2024 жылғы ақпанда – 14,6%). Сондай-ақ, сезілетін инфляцияны бағалаудың медианалық мәні кейінгі 12 айда 14,6%-ға (16,3%) дейін түсті (1-кесте).

Жүргізілген сауалнама нәтижесіне сүйенсек, биыл баға қазіргіге қарағанда тез өседі деп күтетін респонденттер үлесі біртіндеп төмендегені байқалады (2023 жылғы желтоқсандағы 27%-бен салыстырғанда биылғы наурыз айында – 25%).

1-график. Инфляция және оны бағалаудың медианалық мәні, %




Дереккөз: Халықтан телефон арқылы алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab

2024 жылғы наурызда азық-түлік бағасы қымбаттағанын айтқан респонденттердің үлесі 77%-ға дейін сәл өсті. Сондай-ақ жауаптардағы сенімсіздік, нақты айта алмау үлесі 7%-ға өсті (ақпанда – 5%).


Респонденттер азық-түліктен ет және сүт өнімдері, нан мен нан-тоқаш өнімдері, сондай-ақ жеміс-жидек пен көкөніс бағасы қымбаттағанын айтты. Азық-түлік емес тауарлардан халық дәрі-дәрмектің, тазалыққа арналған химиялық өнімдердің, киім мен аяқкиімнің, сондай-ақ құрылыс материалдарының қымбаттағанын айтады. Респонденттер ақылы қызмет ішінде көбіне тұрғын үй-коммуналдық қызметі, интернет және ұялы байланыс қызметі, сондай-ақ медициналық қызмет алу қымбаттағанын байқаған (2-кесте).

2-график. Жиі аталатын тауар мен қызмет түрлері

Азық-түлік



Азық-түлік емес тауарлар және қызметтер




Дереккөз: Халықтан телефон арқылы алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab

Халықтың тұтынуға деген көңіл-күйі


2024 жылғы наурызда тұтыну көңіл-күйі индексі 109-ға дейін артты (2024 жылғы ақпанда – 108), (3,4,5-кесте). Атап айтқанда, таяу жылдағы елдің даму перспективаларын бағалау көрсеткіші (1,2 тармаққа) өсті, 5 жылдан кейінгі елдің даму перспективаларын бағалау көрсеткіші (3,5 тармаққа) төмендеді. Бір жылдан кейінгі жеке материалдық жағдайды бағалау көрсеткіші де жоғарылады (2,5 тармаққа).

Қазіргі жағдайды бағалау бойынша кейінгі бір жылдағы жеке материалдық жағдайды бағалау мәні аздап (1,3 тармаққа) өсті, сонымен қатар қомақты ақшаға сауда жасауға жағдайдың болуы да (6,6 тармаққа) жоғарылады.

3-график. Тұтыну көңіл-күйі индексі²



4-график. Күтуді бағалау



5-график. Қазіргі жағдайды бағалау



Дереккөз: Халықтан телефон арқылы алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab

ЕСКЕРТПЕЛЕР

¹ 2022 жылғы қаңтардағы инфляциялық күтулерді сандық бағалау/медианалық бағалау жарияланған жоқ, себебі 2022 жылғы қаңтардағы сауалнама нәтижелеріне қаңтарда елде болған оқиғалар әсер етті, бұл респонденттердің аз болуына және алдыңғы деректерден алшақтауына әкелді.

Сезілетін инфляцияның медианалық бағалауы мына сұрақ негізінде есептелген: Сіздің ойыңызша, соңғы 12 айда тауарлар мен қызметтердің бағасы қаншаға өсті? Күтілетін инфляцияның медианалық бағалауы мына сұрақ нәтижелері негізінде есептелген: Сіздің ойыңызша, келесі 12 айда тауарлар мен қызметтердің бағасы қаншаға өседі?

² Тұтыну көңіл-күйі индексі: жеке индекстердің орташа мәні:

- кейінгі жылдағы жеке материалдық жағдайдың өзгеруі;
- алдыңғы жылдағы жеке материалдық жағдайдың өзгеруі;
- алдыңғы жылдағы елдің даму перспективалары;
- алдыңғы 5 жылдағы елдің даму перспективалары;
- қомақты сауда жасау.

Қазіргі жағдай индексі: жеке индекстердің орташа мәні:

- кейінгі бір жылда жеке материалдық жағдайдың өзгеруі;
- қомақты сауда жасау индексі.

Тұтынушылық күтулер индексі: жеке индекстердің орташа мәні;

- алдағы жылдағы жеке материалдық жағдайдың өзгеруі;
- алдағы жылдағы елдің даму перспективалары;
- алдағы 5 жылдағы елдің даму перспективалары.

Сандық мән оң және теріс жауаптардың +100 арасындағы айырмашылығы ретінде есептелетін жауаптардың балансы. Индекс мәні 0-ден 200-ге дейін өзгеруі мүмкін. 100-ден жоғары мән оң бағалардың, 100-ден төмен теріс бағалардың басым екенін білдіреді.